


» Әріптесті еске алу



Дана қазағым «өзі жақсы адамға бір кісілік орын бар» деп текке айтпайды. Иә, сол жақсылығынан болар, ол кез келген ортаға оңай сіңісіп, айналасындағылармен тез тіл табысып кетуші еді. Бұған оның жан-жақты сауаттылығы да себеп болған шығар. Әдебиет, тіл, саясат, экономика, математика, тарих дейсіз бе, қай саладан әңгіме тиегі ағытылса да біздің Өмекең мұзжарғыш кемедей қақ жарып, алға озатын. Онымен сөз таластырып әуре болмай-ақ қойыңыз. Әріптестері оны «тірі энциклопедия» деп те атайтын. Рас еді-ау...

*Ол тірі
энциклопедия
болатын*



«Біздің Ғани» деген сөз бүгінде қалыптасқан сөз тіркесі болып қалды. Біз де Өмірзақ Ақжігітті «Біздің Ақжігіт», «Біздің Өмекең» деп меншіктей сөйлейтінбіз. Басқалар да солай айтты. Жә, бәрін ретімен баяндайық.

Келес ауданы, Ақтебе ауылында дүниеге келген ол Мәскеудегі инженерлік-құрылыс институтын бітірді. Алған мамандығы бойынша зауытта, трестте жұмыс істеді. Созақ сахарасында, Ұлытау бөктерінде геологиялық барлау жұмыстарына қатысты. Оған Мәскеу институты қандай үлкен білім берсе, ұлан байтақ қазақ жері де сондай сабақ берді. Жарықтың өзі айттып отырушы еді: «Дала философиясын оқып тауысқандай болдым» деп. Иә, шын мәнінде ол философиялық ой-тұжырымдар айтудың да шебері еді.

Өмірзақ Ақжігіт басқа қызметке ауысарда зауыт, трест, бірлестік басшылары бірден жібере салды ғой деймісіз?! Оның мекемеде қалып, одан өрі жұмысын жалғастыра беруіне тілекші болған ағалары, басшылары тіптен көп. Тіпті, «қызметіңді өсіреміз, астыңда көлік, басыңда баспана болады» деп мекемеде алып қалғысы келгендер де жеткілікті еді. Бірақ, ол әр саланың ерекшеліктерін өте білумен қатар білімін, тәжірибесін арттыру үшін басқа салаға ауысып отырды. Ал, Бетпақдала мен Ұлытауда жүргенінде данышпан даланың дархан келбетінен көп нәрсе үйренді. Абыз ақсақалдардың әңгімелерін жата-жастана тыңдады. Кең елкенің бай тарихымен, шежіресімен, аңыз әңгімелерімен сусындады. Сондықтан да көкірегінде «мен де жазсам-ау» деген арман жүрді. Құрылыс инженерінің мазмұны терең, айтары анық, проблемалық мақалаларын республикалық, тіпті одақтық басылымдар кідіріссіз жариялай бастады. Енді көпшілік Өмірзақ Ақжігітті журналист ретінде қабылдады.

Бүгінгі М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті ол кезде Қазақ химия-технологиялық институты деп аталатын. Осы институтты бітірген талай азаматтар жоғары қызметтерде жүрді. Облыс, аудан әкімі, университет ректоры сияқты қызмет баспалдақтарынан өткен көптеген басшылар осы оқу ордасына қарыздар. Міне, осы институтта «материалдар кедергісі» («сопромат») деген пән оқытылады. Қай кезде де «сопромат» пәнінен сабақ беретін оқытушы табыла бермейді. Табылмайтыны — ол өте күрделі де қиын пән. Тіпті, орыс ағайындарда «сопромат сдал, можно жениться» деген мәтелге

айналып кеткен сөз де бар. Демек, осы пәннен сүрінбесең, қалғанына тәуекел дегені ғой. Міне, біз білетін Өмірзақ Ақжігіттің институтқа осы пәннен сабақ беретін оқытушы болып қабылдануы оның сауаттылығын тағы бір паш етсе керек. Ол институтта сабақты қазақ және орыс тілдерінде қатар жүргізе беретін. Түске дейін қазақ тобына сабақ берсе, түс қайта орыс тобында отыратын. Бұған қосымша студенттердің бір тобына жетекшілік жасады. Диплом қорғау жұмыстарына жәрдемдесті. Сондықтан, университетте Өмірзақ Ақжігіттің беделі жоғары болды.

Кеңіл ауаны кейде сан құбылып тұрады дегенімізбен, адамның ішкі әлемінде бұлқынып жататын бір нәрсе болады. Адам сол күш жетегіне ереді, сол арқылы бұрын бағындырмаған биіктерінен көрінеді. Өмірзақ Ақжігіт те осы бұлқыныстар күшімен 2003 жылы журналистикаға біржолата бет бұрды. Алғашында «Жас Алаш» газетінде тілші болған ол артынша «Жалын» журналына шақырылып, бөлім меңгерушісі қызметін абыроймен атқарды. Журналдың бас редакторы, адуынды ақын Мұхтар Шаханов жан-жақты сауатты Өмірзақ інісін бауырындай жақсы көрді. Бұдан соң оны «Жас қазақ үні» газетінің құрылтайшысы шақырып, басылым тағдырын қолына ұстатты. Осы газеттің бас редакторы бола жүріп, республикамыздың қоғамдық-саяси өмірінде болып жатқан айтулы оқиғалар жөнінде тұщымды материалдар топтамасын жариялап отырды. Оның оқырмандарға керемет танылған кезі «ЕВРАЗИЯ-KZ» газетінде қызмет атқарған жылдары десек, қателеспейміз. Оның осы газеттің айқарма бетіне шыққан сұхбаттары парасат сабағындай әсер қалдыратын. Оның қаламынан сан алуан тақырыпты қозғаған мыңдаған мақала шықты. Осы жерде Өмірзақ Ақжігіттің «Қазақия» атты газет ашып, өзі бас редактор болғанын да айта кеткеніміз абзал. Жаңа басылымдағы тарихи-танымдық, әлеуметтік-экономикалық еткір де сындарлы мақалалар оқырмандарын баурап алды.

«Біздің Өмірзақ» деп біз еншілеп отырған Ө. Ақжігіттің «Оңтүстік Қазақстан» газетінде де айшықты ізі қалды. Экономика, саясат, тарих тақырыптарына келгенде судағы балықша еркін жүзетін ол «Оңтүстік Қазақстан» газетінің онсыз да асқақ абыройын одан сайын биіктетті. Ол республикалық дәрежедегі танымал тұлғалар мен мамандардан кез келген журналистің тісі бата бермейтін сәлалар бойынша сауалдар қойып, оқырмандарға түсінікті тілмен тамаша сұхбаттар жазды. Өмекең қай маманға барып, сұхбат алса да сұрақ-

ты өте сауатты қоя білетін. Біз оның барлық саланы жақсы білетініне және сұхбатты қызғылықты құра алатынына тәнті болатынбыз. Сондықтан одан үйренеріміз көп еді. Газеттің айқарма аталатын екі бетін алып жатқан келемді сұхбат оқырманды қызықтыра отырып, бір деммен оқылатын. Оқырмандарымыз сол айқарма беттегі сұхбаттарды жиі сұрайтын. Осы сұхбаттардың қызықты ғана емес, тағлымды болғандығынан да олар жинастырылып, екі кітап болып та шықты.

Кітап демекші, Өмірзақ Ақжігіт саяси-әлеуметтік, тәрбиелік-тағлымдық, тарихи-танымдық «Елінің ері бол, Арда-Шерім», «Жауғашты — істің адамы», «Ғыныштық жақпайтын адам» атты қалыңдығы қос қарыс, мазмұндық салмағы атан түйеге жүк боларлық кітаптардың авторы. Оларды оқып отырсаңыз, ғылымның терең қатпарларына еріксіз сүңгісіз, өмірі тамаша адамдардың тіршілігімен танысасыз, өлемнің басқа бір қырын танығандай әсерге бөленесіз. Негізі кітапты оқи отырып, оны ғалым жазған болар деп ойлап қаларыңыз анық. Сіз бен біз біле бермейтін ғылымдағы жаңалықтар, терминдер, сөзжасамдар осы еңбектерден молынан табылады.

Біз жоғарыда «өзі жақсы адамға бір кісілік орын бар» дегенді босқа айтқанымыз жоқ. Оның үстіне жан-жақты білімді адам қай мекемеге болса да керек. Сайрам ауданына бүгінгі мемлекет және қоғам қайраткері Қуаныш Айтаханов әкім болған жылдар оқырмандар есінде шығар. Ал, Қ.Айтахановтың талапшылдығын, жауапкершілігін жақсы білеміз. Міне, осы әкім Өмірзақты аттай қалап шақырып, езіне кеңесші етіп қызметке алды. Бұдан бөлек, Өмекең Арыс қалалық әкімдігінде бөлім меңгерушісі қызметін де абыроймен атқарды.

Иә, біздің Өмірзақ Ақжігіт — мемлекеттік қызметкер, инженер, оқытушы және журналист еді. Ал, оның қандай әке болғанын қызы Еңліктің жазбасынан жақсы білеміз. Еңлік ауырып қалып, ауруханада жатқанда «қызыма жел тимесін» деп терезелерді скотчтап жүретін кездері нағыз әке бейнесін кез алдымызға әкеледі.

Сан қырлы талант иесі Өмірзақ Ақжігіттің де арамыздан кеткеніне жылдың жүзі болыпты. Қайран, әріптес! Өзің жайлы айтарымыз таусылмайды. Сөнің жағып кеткен шырағың өшпейді. Өмірзақ Ақжігіттің екінші өмірі ұрпақтарымен және соңына қалдырған мол мұрасымен жалғасады деп езімізді жұбатамыз.